

**"Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы"
"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1344
қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 899 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1344 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 49, 638-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 210) және 211) тармақшалармен толықтырылсын:

"210) Сырдария өзеніндегі Көксарай су реттегіші;

211) Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын суынан қорғау бөгеті."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев